«Азиялық Газқұбыры» ЖШС-ның Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережесіне «Қызметтерді сатып алуға арналған техникалық спаттама» 6.2 нысаны

**«ISO 37301:2021 КМЖ сертификаттау»**
**қызметтерін сатып алу бойынша техникалық сипаттізім**

**1 Сатып алынатын қызметтер мәні**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС-да (бұдан әрі – Серіктестік) «ISO 37301:2021 КМЖ сертификаттау» қызметтері қазіргі менеджмент жүйесін жақсарту мүмкіндіктерін талқылау және жүйе жұмысының қағидатын және Серіктестік басшылығының және Атқарушының (сертификат органы өкілінің) қатысуымен, аудит жөніндегі басқа ағымдағы мәселелерді түсіндіру үшін жиналыстар/конференциялар ұйымдастыру арқылы, көрсетілген мерзімдер ішінде орындалуға тиіс.

**2 Сатып алынатын қызметтерді негіздеу**

«ISO 37301:2021 КМЖ сертификаттау» қызметтері, қажетті аудиторлық іс-шаралар көлемі мен құжаттауды қоса алғанда, ҚР СТ ISO 19011-2019/ISO 19011:2018 «Менджмент жүйелерінің аудиті бойынша басшылыққа алатын нұсқауларына» сәйкес көрсетілуге тиіс.

**3 Сатып алынатын қызметтер көлемі**

*№ 1 кесте Қызметтер тізбесі*

| № | Сатып алынатын қызметтердің сипатталуы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және іске пайдалану сипаттамалары | Өлшем бірлігі | Саны |
|---|---|---|---|
| *1* | *2* | *3* | *4* |
| 1 | *1. Сертификаттау органы өкілінің қатысуымен таныстыру және кіріспе жиналыстар/кездесулер ұйымдастыру, Жұмыс жоспарын әзірлеу және келісу.*<br>*2. Серіктестікте тәуелсіз сертификаттау аудитін өткізу және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, есеп беру түрінде аудит нәтижелерін ұсыну:*<br>*ISO17021 – Сәйкес келуді бағалау. Менеджмент жүйелерінің аудиті мен сертификатталуын өткізетін органдарға қойылатын талаптар.*<br>*ISO19011 – Менеджмент жүйелерінің аудиті бойынша басшылыққа алатын нұсқаулар.*<br>• *Сертификаттық аудит нәтижелері туралы есеп бере отырып, өткізілген аудит қорытындылары бойынша Серіктестік қызметкерлерімен жұмыс бабындағы жиналыстарды өткізу. Сәйкессіздіктер/ауытқулар туралы актілер/хаттамалар (болған жағдайда).*<br>*3. Атқарушының және оның персоналының халықаралық сетрификаттау жөніндегі орган растаған және аудиторлардың (мамандардың, сарапшы-аудиторлардың) куәліктері бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар жүйесі бойынша біліктілік аттестаттары болуға тиіс.*<br>*4. ISO 37301:2016 «Комплаенс-менеджмент жүйесі. Пайдалануға қойылатын талаптар мен ұсыныстар» стандартына сәйкес* | Қызмет | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *аудиторларға арналған сертификаттары бар кемінде 3 сертификатталған аудитордың болуы. Аудиторларды тіркеу туралы құжаттарды ұсыну.*<br>*5. ISO 37301:2021 комплаенс-менеджмент жүйесі бойынша халықаралық стандарттардың талаптарына сай келетін сәйкестік сертификатын орыс, ағылшын, қазақ тілдерінде беру.*<br>*6. Берілген сертификат IAF CertSearch халықаралық дерекқорына (немесе аккредиттеу органының ресми тізіліміне) оның заңдылығын* онлайн тексеру мүмкіндігімен енгізілуі керек.<br>*7. Атқарушыда IRCA сертификатталған аудиторлардың халықаралық тіркелімінде тіркелген қолданыстағы сертификаты бар кемінде 1 (бір) аудитордың болуы. Орындаушы IRCA-да аудитордың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынуға міндетті.*<br>*8. Атқарушы Көрсетілген қызмет актілеріне қол қойған күннен бастап, аудит бойынша есеп берулердің сапасына, сондай-ақ көрсетілген қызметтер сапасына кепілдік беруге міндетті.*<br>*9. Қызметтердің құны Атқарушының қажетті материалдарды тасымалдауға арналған шығыстарын, кедендік баждарды, салықтарды, өзге де төлемдер мен алымдарды төлеуді, сондай-ақ сертификатты тиісті тізілімдерде тіркеуге арналған шығыстарды қоса алғанда, сатып алынатын қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтуға тиіс.* | | |

**4 Атқарушы қызметтерді көрсету үшін пайдаланатын материалдар тізбесі**

№ 2 кесте Материалдар тізбесі

| № | Материалдар (жабдық, қосалқы бөлшектер және т.б.) атауы | Өлшем бірлігі | Саны |
|---|---|---|---|
| - | - | - | - |

**5 Қызметтерді көрсету және тапсыру орны**

«ISO 37301:2021 КМЖ сертификаттау» қызметтері Тапсырыс берушіге мына мекенжай бойынша көрсетілуге және тапсырылуға тиіс: Алматы қ., Абай даңғ., 109 В, «Глобус» КФК ғимараты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС.

**6 Қызметтерді көрсету меррзімдері**

2026 жылғы «31» желтоқсаннан кешіктірмей.

**Ішкі бақылау департаментінің директоры** **Зубайраев М.Б.**

**Ішкі бақылау департаменті директорының орынбасары** **Батаева А.Б.**